

## Жансүгіров ауылындағы Шавров көшесінің атауын Ораз Жұмашев көшесі атауына өзгерту туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы Жансүгіров поселкелік округі әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 1 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Ақсу ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 16 қыркүйекте N 2-4-91 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша «поселкесіндегі» деген сөздер «ауылындағы» деген сөздерімен, "поселкелік округінің" денег сөздер "ауылдық округінің" деген сөздерімен ауыстырылды – Алматы облысы Ақсу ауданы Жансүгіров ауылдық округі әкімінің 26.12.2014 № 2 шешімімен.  
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Жансүгіров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Шешімнің кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Алматы облысы Ақсу ауданы Жансүгіров ауылдық округі әкімінің 26.12.2014 № 2 шешімімен.

1. Жансүгіров ауылындағы Шавров көшесінің атауы Ораз Жұмашев атындағы көшесі атауына өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау және іс жүзіне асыру Жансүгіров ауылдық округінің бас маман-іс-жүргізушісі Есенов Есқали Молдағалиұлына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Округ әкімі

М. Адамбеков